

Қазақстан Республикасының фосфор ішкі саласының бірқатар акционерлік қоғамдарының қызметін тұрақтандыру жөніндегі қосымша шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 5 наурыздағы N 167

Қазақстанның фосфор ішкі саласын қаржы-экономикалық сауықтыру, одан әрі дамыту, фосфор ішкі саласының бірқатар акционерлік қоғамдары қызметкерлерінің әлеуметтік проблемаларын шешу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі
қ а у л ы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті мен "Қазфосфор" акционерлік қоғамының заңдарда белгіленген тәртіппен "Қазфосфор" акционерлік қоғамы мүлкінің бір бөлігін "Қаратау" (Жаңатас қаласы), "Нодфос" (Тараз қаласы), "Суперфосфат заводы" (Тараз қаласы) және "Промтранс" (Тараз қаласы) акционерлік қоғамдарының қызметкерлерінің алдындағы берешектерін өтеуге ауыстырып мемлекетке беру туралы ұсынысына
к е л і с і м б е р і л с і н .

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті осы қаулының 1-тармағында көрсетілген мүлікті сату жөнінде ашық инвестициялық тендер өткізсін.

3. Осы қаулының атқарылуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С.Павловқа жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі